

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

F 96

F96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

халықаралық деңгейде үйлестіру мақсатында ТҮРКСОЙ-дың басқосуында немесе түркі тілді мемлекеттердің бірлесіп өткізіп жүрген құрылтайы мен жиындарының бірінде төмендегідей ұсыныстарды талқыға салған орынды деп санайтындығын айтады:

1.Түркі халықтарының ғылым саласындағы ынтымақтастығын нығайту негізінде туыстас халықтардың ортақ терминологиялық қорын құру мәселесін ақылдасу мақсатында түркі тілдес мемлекеттер ғалымдарының басын қоса отырып халықаралық ғылыми конференция өткізу.

2.Түркітілдес мемлекеттердің ғалымдарынан тұратын, өзара терминалмасу мәселесін шешумен айналысатын, терминологиялық жұмыстарды халықаралық деңгейде үйлестіріп отыратын ғылыми-үйлестіру орталығын құру.

3.Түркітілдес халықтардың терминологиялық қорының ортақтық деңгейін, өзіндік ерекшеліктерін анықтау мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

4.Өзара терминалмасу тәжірибесін жетілдіру мақсатында екі тілді (қазақша – түрікше, түрікше – қазақша) және көптілді (қазақ – түрік – өзбек – татар – әзербайжан – қырғыз – түркімен – ноғай – башқұрт т.б.) терминологиялық сөздіктер шығару мәселесін қолға алу.

5.Әлемдегі терминология саласында болып жатқан жаңалықтардан хабардар болу, өзара терминалмасу процесін жақсарту мақсатында жылына төрт рет шығатын халықаралық ғылыми журнал немесе түркі терминологиясы мәселелеріне арналған арнайы басылым шығару [5, 154].

Бұл іс күллі түркі ұлыстары бір кісідей қолға алып, жан-жақты ұйымдастыру жұмыстарын қолға алғанда барып қана жүзеге асатын болады. Оған түркі халықтарының ұлттық-сана сезімдері мен оны атқаруға қажетті қуат-қарымы толық жетеді. Қазақ және түрік тілдері арасындағы өзара ынтымақтастық, бауырмалдықтың көрінісі болашақта жасалатын жұмыстардан көрінбек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құрманбайұлы Ш. Алаш жене терминтану (XX ғасырдағы қазақ терминологиясы; 1910-1930 жылдары): монография. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚК, 2008. – 240 б.
2. Мыңбай Д. Тіл – бірлік пен үйлесімнің негізі. anatili.kazgazeta.kz сайтынан
3. Құрманбайұлы Ш. Туыстас тілдерге ортақ терминологиялық қор қажет//«Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Көкшетау, 2001. – 30 б.
- 5 Қазы Қ. Түркіге ортақ термин жасауға ұмтылуымыз керек//«Алаш айнасы» газеті, 19 қараша 2011 жыл. №206 (658) 1-2 б.
- 6 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 928+16 жапсырма бет.

ӘОЖ 81' 354

КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІҢ ОРФОГРАФИЯСЫ

Асенова Айгүл Халдарқызы,

Оқасова Еркежан Ерғалиқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультеті «5В011700» - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Б. Мамаева ф.ғ.к., доцент

Қазіргі кезде мерзімді басылымдар саны күннен-күнге артып келеді. Бірақ олардың саны қаншалықты көп болса да, ішіндегі материалдарында олқылықтар кездесіп жатады. Солардың ішінде біріккен сөздердің жазылуының әр түрлі нұсқалары ұшырайды.

Кейде дефис арқылы, кейде тіркесіп келетін біріккен сөздерді анықтай отырып, соларды бір жүйеге келтіріп, сауаттылық деңгейіне жеткізу керек. Ол үшін осы уақытқа дейін зерттеген ғалымдардың еңбегіне көз жүгірте отырып, осы мәселені жан-жақты талқылауды жөн көрдік.

Біз түрлі теориялық материалдарды қарастыра келе, мерзімді басылым беттерінен күрделі сөздердің кейде бірігіп, кейде дефис арқылы, кейде тіркесіп жазылып жүрген нұсқаларын көптеп кездестірдік. Мысалы, «ағашаяқ» және «ағашат» сөздері 2013 жылғы жарық көрген орфографиялық сөздікте бірігіп жазылса, «Егемен Қазақстан» және «Қазақ үні» газеттеріндегі мақалаларда «ағаш аяқ» және «ағаш ат» түрінде бөлек жазылған. Мысалы:

1) Әміренің орындауында фонографқа жазылған «Ағаш аяқ» пен «Балқадиша» әндеріне реставрациялық тазарту жұмыстарын жасаған. («Қазақ үні» газеті, «ЭКСПО»-ға қатысқан ең алғашқы қазақ Әміре әнші», Мақсат Әділхан 09.12.2014).

2) Антик аңызы бойынша, троялықтармен данайлықтардың соғысы кезінде данайлықтар жеңілгенін мойындап, майдан даласын өздері тастап кетпейтін бе еді, кетерінде алып ағаш ат тұрғызып, троялықтарға тарту етпейтін бе еді, данайлықтар әлгі ағаш аттың ішіне жасырынып қалмайтын ба еді, түн ішінде жауынгерлер ағаш аттан шығып, қарауылдарды өлтіріп, қақпаны ашып алмайтын ба еді, қадағалап қойған жау жағы троялықтарды тегіс қырып салмайтын ба еді. («ЭКСПО»-ға қатысқан ең алғашқы қазақ Әміре әнші», «Шанаққала», Сауытбек Абдрахманов, «Егемен Қазақстан» газеті, 16.04.2015).

«Адал ниетті» деген сөз 2013 жылғы орфографиялық сөздікте «адалниетті» түрінде біріктіріліп жазылған. Ал газет бетінде берілуі мынадай:

3) Осыдан 95 жыл бұрын қазақ көгінде жарқырай көрінген бұл басылымның әр саны, әр автордың ағынан жарылған адал ниетті пікірлері халқымыздың рухани қазынасы толықтыра түсті. («Алашшыл жастардың туын көтерген», З.Тайшыбай, С.Мәлікова. «Түркістан» газеті, 25.07.2013).

Сол секілді «жансауғалау» сөзі 2013 жылғы жарияланған орфографиялық сөздікте бірге жазылған. Ал «Ана тілі» газетінде бұл сөз бөлек жазылған.

4) Ақырында осы зұлмат тағдырдан жан сауғалаған, өлімнен аман қалған бір бөлім қазақ аш-жалаңаш көршілес Қытай, одан әрі Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркия сияқты елдерге үдере көшуге мәжбүр болғаны мәлім. («Ана тілі» газеті, «Нәубетті жылдардың құрбаны болған боздақтар рухына тағзым ету - ұрпақ парызы», Бақытжол Кәкешұлы, «Ана тілі» газеті, 31.05.015).

«Басы бүтін» сөзі де осылай екі түрлі жазылып жүр. 2013 жылғы сөздікте бірге, яғни біріккен сөз түрінде берілсе, газет бетінде бөлек жазылған.

5) Міне, осындай жолдар арқылы совет өкіметі кешегі алаш ордашылардан ат құйрығын үзісіп, басы бүтін большевиктік идеяға берілген «Лениншіл жас» газетін қалыптастырып, қазақтың жастары мерзімді басылымын өзі көздеген арнаға түсірді. («Большевиктер дауылы» Асылхан Мамашұлы, «Ана тілі» газеті, 17.04.11).

«Ағасұлтан» сөзі 2013 жылғы орфографиялық сөздікте бірге, ал газет бетінде жазылуы бөлек.

6) Шыңғыстың аға сұлтан кезі еді. («Текті тұлпар» Қорғанбек Аманжол, «Егемен Қазақстан» газеті, 25. 04. 2014).

«Адамкөргісіз» - бұл 2013 жылғы орфографиялық сөздікте берілген нұсқасы. Ал «Ана тілі» газетінде бөлек жазылған.

7) Ауыр роктан алынған су шытырасы адам көргісіз «бұзық» формалар берді. («Судың сырын білеміз бе?») Жігер Қайыржанов, «Ана тілі» газеті 22.09.2011).

2013 жылғы орфографиялық сөздікте «басыбүтін» деп бірге жазылса, «Егемен Қазақстан» газетінде бөлек берілген.

8) Алғашқыда бұл уақытша ермек сияқты болып көрінгенмен, бұл іске басы бүтін беріліп кеткенінді өзің де байқамай қалдың-ау деймін. («Сен қалдырған іздер» Өмірзақ Айтбайұлы, «Егемен Қазақстан» газеті 12.03.2013).

«Иссапар» сөзі сөздікте бірге, газет бетінде бөлек түрінде кездесті.

9) Әскери қызметші болғасын иссапарға жиі шығуға тура келеді. («Мемлекеттік тіл – менің тілім» Сәкен Мұратұлы, «Ана тілі» газеті, 25.10.2015).

«Дүниежүзілік» сөзі Қасым Балқияның «Күрделі есімдер сөздігінде» бірге жазылған. Сол сияқты 2013 жылғы орфографиялық сөздікте де «дүниежүзілік» сөзі біріккен сөз түрінде жазылса, ал, «Егемен Қазақстан» газетінде бөлек жазылған.

Сонымен қатар, мерзімді басылым беттерінен қарастырған кейбір мысалдарымызды дәлелді болу үшін түрлі орфографиялық сөздіктер негізінде салыстыру жұмысын жүргіздік. Салыстыру нәтижесіне сүйенсек, кейбір сөздер әр жылдары шыққан сөздікте әр түрлі болып берілген.

Сөздіктермен жұмыс барысында байқағанымыз 2013 жылғы орфографиялық сөздікте мынадай сөздер біріккен күйінде берілген. Олар: қараала, қараағаш, қараажырық, қарааяқ, қараалма. Алайда, Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» еңбегінде : «Қазақ тілінде дауысты дыбыстың қатарынан бір сөздің ішінде келуі тіпті болмайды», - дейді [1;183]. 2013 жылғы орфографиялық сөздікке дейінгі орфографиялық сөздіктерде тіркесті күрделі сөздер бөлек жазылса, 2013 жылғы орфографиялық сөздікте көптеген тіркесті күрделі сөздер бірігіп жазылған. Мысалы: ағашкеміргіштер, ағашталшықты, ағашқұлақ, ағаштарақ сынды сөздер бірге жазылған. Демек, соңғы 2013 жылғы орфографиялық сөздікте біршама жаңа күрделі сөздер енгізілген. Бірақ олардың көбі осыған дейін айтылған заңдылықтарға сәйкес келмейді.

Екі сөздің біріккен ара-жігінде екі дауысты дыбыс қатар келіп қалатын болса, алдыңғысын түсіріп айту – біздің ойымызша тіліміздің табиғи бітім-болмысына тән заңдылық.

Ғалым Б.Ж. Ыхсанның «Ана тілі» газетіндегі пікірі мынадай: «Мысалы, «Қараойды» – «Қарой», «Қараобаны» – «Қароба», «Сары ағашты» – «Сарағаш», «Сары өзекті» – «Сарөзек», «қалааралықты» – «қаларалық» етіп жазғанымыздан түк те ұтылмаймыз. Одан олардың лексикалық мағыналарына еш нұқсан келмейді әрі тіліміздің өзіне тән дыбыс тіркесім заңдылығы, яғни қазақ сөздерінде екі дауысты дыбыс қатар келіп айтылмайды деген заңдылық сақталады. Ал олардың қандай-қандай түбірлердің бірігіп-кірігуінен жасалғанын тілді тұтынушы жалпы халыққа білудің түкке де қажеті жоқ.

Мысалы, «мырза» сөзінің «мір+зада» сөздерінен, «қарлығаш» сөзінің «қара+ала+құс» сөздерінен, «сөйтіп» сөзінің «солай етіп» сөздерінен, «өләй» сөзінің «о, аллай» сөздерінен, «жомарт» сөзінің «жоғары мәрттілік» сөзінен т.б. шыққаны сөздердің төркінін (этимологиясын) зерттейтін тілші-лингвист ғалымдар үшін ғана қажет» [2;3].

Тіліміздегі жеке-жеке өз мағыналары бар сөздердің бір-бірімен тіркесіп, жаңа ұғымға атау болуы және бастапқы тұлғаларының бірігу, сосын кірігу үдерісі (процесс) нәтижесінде өзгертіп, бастапқы қалпына мүлдем ұқсамай кетуі – атам заманнан келе жатқан құбылыс. Бәлкім, уақыт жетіп, бұл заңдылық та елеусіз қалар ма екен? Мүмкін, біздің қазіргі тілімізде бір әуенмен (ритмикалық топпен) айтылатын сөздерде де немесе тұтас сөздің құрамында да екі дауысты дыбыс (қалааралық, жалпыұлтты т.б.) қатар айтылатын заман келген шығар. Олай болса, тірі тілді барынша дәл таңбалау (бейнелеу) үшін кейін ойластырылып шығарылған жазба тілімізде аталған құбылыстың, яғни екі дауысты дыбыстың қатар келуінің бейнеленуін біз де еріксіз мақұлдаймыз.

Ата-баба тілінің осы заңдылығын (екі дауысты дыбыстың қатар келмеуі) өз қолымызбен тұншықтырмасақ, тіліміздің өзіндік бір ерекшелігін айқын аңғартатын заңдылық ретінде әлі күнге сақталып, өмір сүріп келе жатқанын тілдік деректер еріксіз еске салып, дәлелдейді. Оған өз ана тілінен алыстай бастаған өзіміздің орыс тілді қандастарымыз немесе жазба тілдің жетегіне мүлдем еріп кетіп қаперсіз жүргендер ғана қарсы шығар.

Ал бірде дефис арқылы, бірде тіркесті түрде, бірде бірге жазылатын аяқ киім, мекенжай, қырғи-қабақ секілді сөздердің қалай жазылатыны жайында көпшіліктің пікірі нақты бір қалыпқа түсіп, орныға қоймағаны байқалады. Кейбіреулері аяқ киім сөзін сырт киім сөзімен салыстырып, бөлек жазылуы керек десе, кейбіреулері ол киімнің атауы болғандықтан бірге жазылуы керек деген пікір білдіреді. Яғни, мұндай сөздердің жазылуы туралы көпшіліктің

арасында бірізділік жоқ. Ал қазіргі кезде бірге жазылып жүрген бірқалыпты, күншуақ, алакөлеңке, ортаазиялық секілді сөздер жайлы сұхбат берушілердің пікірі сан алуан. Бірі бұндай сөздердің кейбірінің бірге жазылғанын қолдаса, бірі анықтаушы мен анықталушы сөз болғандықтан бөлек жазылғанын жөн санады, енді бірі бұл сөздерді біріктіргенде қазақ тілінің ережелеріне (қатаңнан кейін ұяң келмейді немесе керісінше, қазақ тілінде бір сөзде екі дауысты дыбыс қатар келмейді) сай келмеуі мүмкін деген қорытынды жасайды, енді бірі бұрынғы көзқарас бойынша бөлек жазылғаны дұрыс дегенді алға тартады.

Біз біріккен сөздердің орфографиясындағы кеткен олқылықтар жөнінде сауалнама жүргіздік.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Қалыбаева Қаламқас Сейдуәліқызының күрделі сөздер жайлы пікірі мынадай: « Қазіргі қазақ тіл біліміндегі орфографиялық ережелердің жасалуына қатысты айтысты-тартысты пікірлер өте көп. Өкінішке қарай, біздің орфографиялық ережелеріміз еріксіз немесе байқамай дейміз бе, үнді-еуропа тілдерінің ережесін басшылыққа алып кеткен. Соңғы сөздіктердегі екі сөздің біріккен күйінде келуі – қазақ тілінің заңдылығына сай емес. Себебі, біздің тілімізде екі сөз өзінің лексикалық мағынасынан айрылған кезде ғана біріккен күйге енеді. Мысалы, аққу, тасбақа деген сөздер. Соңғы кезде елутомдық, жиырмажылдық деген сөздерді біріккен түрінде беріп жүр. Бұл – біздің тіліміздің заңдылығына қайшы. Себебі, біз «елутомдық» деген сөзге неше томдық деп сұрақ қоямыз. Сондықтан да мен бұл пікірге қарсымын».

Еуразия ұлттық университетінің мерзімді басылымдар бөлімінің қызметкері Ермағанова Мейрамгүл Зағпарқызы: « Бүгінде мерзімді басылымдар бөлімінде күрделі сөздерге байланысты көптеген олқылықтар кездеседі. Оларды жүйелеп, бірізділікке салу үшін баспасөз беттерін шығару кезінде арнайы мамандардың тексеруінен өткізу қажет. Сонда ғана болашақ ұрпақтың сауатты әрі сапалы жетілуіне үлкен септігін тигізеді», - дейді.

Астана қаласы Білім басқармасы “Астана дарыны” өңірлік ғылыми-практикалық орталығының интеллектуалдық ғылыми жобалар зертханасының әдіскері Айымхан Әмірбек: «Бұрын журналда редактор қызметінде жүргенде келіп түскен материалдардан күрделі сөздердің жазылуына қатысты қателіктер көптеп кездесетін. Көптеген газет-журналдарда да ол олқылықтар сол күйінде беріліп жүр. Осы мәселені арнайы тіл мамандары қолға алса екен», - деген пікірде.

Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің 2-курс студенті Ситебай Гүлсезім: «Күрделі сөздердің орфографиялық тұрғыдан қатесіз жазылуына қатысты пікір білдіретін болсам, мысалы, іссапар, дүниежүзі, ақырзаман сөздері публицистикалық еңбектерде кейде тіркесіп, кейде дефис арқылы, кейде біріккен күйінде беріліп жүр. Оқырман қауымға, оқушыларға, жалпы жұртқа ұсынуға болатын зерттелген, нақтыланған еңбек жазылса деген тілек бар», - десе, ал Хабар агенттігінің жаңалықтар бөлімінің қызметкері, журналист Нұрбек Байбосын: « БАҚ саласында, әсіресе, газет-журналдарда күрделі сөздердің жазылуына қатысты қателіктер кетіп жатады. Күрделі сөздердің жазылуын біріздендіру үшін арнайы сөздік шықса деп ұсыныс айтар едім. Ол тек қана газет-журналдарға ғана емес, телевидение саласында да пайдалануға үлкен сеп болар еді», - деген ұсыныс айтты.

Қорыта айтсақ, қазақ тілінің орфографиялық сөздіктерінде берілген күрделі сөздерді қайта қарайтын, түзететін, бір ізге түсіретін мәселелер баршылық. Бұл мақала да біз солардың кейбіреулерін ғана атап көрсеттік. Осында айтылған және айтылмаған даулы мәселелер жайлы белгілі бір шешімге келу үшін А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты біріккен сөздердің орфография мәселесіне арналған арнайы ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырғаны абзал болар еді.

Оған отандық ғалымдармен қатар шетелдік ғалымдар да шақырылса нұр үстіне нұр болады. Көп жылдан бері шешілмей жүрген орфография мәселелері, күрделі сөздер соның ішінде біріккен сөздерге қатысты мәселелер, мүмкін, сонда шешіліп қалар.

Біз көпшіліктен алынған сауалнаманы талдай келе, күрделі сөздердің ара-жігін ажыратуда 1978 ж. Алматыдағы “Ғылым” баспасынан шыққан “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде” көрсетілген “Егер бір ғана заттың атын білдіретін тіркестің соңғы сөзі өзара біріне-бірі ұқсас тектес заттардың ортақ аты болып келіп, алдыңғы сөзі осы заттардың ішінен оның нақтылы бір түрін айыра көрсету үшін қолданылған болса, ондай лексикаланған тіркестердің әр сыңары бөлек-бөлек жазылады” деген ережені басшылыққа алған жөн деп ойлаймыз. Мысалы, екі жақты (үш жақты, көп жақты), жеке меншік (ортақ меншік), қол диірмен (су диірмен, жел диірмен), алғы сөз (кіріспе сөз, жарыс сөз, өлең сөз, соңғы сөз), қол орамал (бет орамал, мойын орамал) деген сөздерді бөлек жазуды ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл құрал. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 183 б.
2. Ыхсан Б.Ж. Орфографиялық сөздіктердің мәселесі. // Ана тілі. 17 сәуір 2011. – 3б.
3. Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктері.
4. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Толықтырылып, түзетіліп екінші басылуы. – Алматы, Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1978 ж.
5. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Толықтырылып, түзетіліп екінші басылуы. – Алматы, «Ғылым» баспасы, 2013 ж.

ӘОЖ 811.512.122'367.625

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЙЛЕУ ЕТІСТІКТЕРІНІҢ ПРАГМАТИКАСЫ

Әмілбекова Тоғжан Дүйсембекқызы
Amilbekova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Г.О.Сыздықова

Жалпы тіл білімінде етістіктер Н.К.Дмитриев, Н.З.Гаджиева, А.А.Коклянова, В.Ф.Вещилова, Г.К.Кулиев, О.Ю.Шагдурова, А.А.Озонова, И.Кучкортаев, М.Оразов, С.А.Рзаев т.б зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылады.

Қазақ тіл білімінде А.Ысқақов етістіктің лексикалық құрамында қанша сөз болса, солардың әрқайсысының өзіне тән лексикалық мағынасы болатындығын айтып, етістікті семантикасына қарай былайша топтастырады: амал-әрекет етістіктері (*босат, көтер, күрес, ки, сыз, өлше т.б.*), қимыл-қозғалыс етістіктері (*ауна, аудар, домала, жыт, қаш, секір т.б.*), қалып-сапа етістіктері (*жат, жантай, тұр, тос, күт, ұлғай т.б.*), ойлау-сөйлеу етістіктері (*айт, сөйле, де, ескер, жатта т.б.*), өсу-өну етістіктері (*балала, жапырақта, гүлде, өс, өн т.б.*), бағыт-бағдар етістіктері (*бар, кел, кет, қайт, әнер, әкет т.б.*), көңіл-күй етістіктері (*жыла, қайғыр, өкін, күл, қуан т.б.*), бейнелеу-еліктеу етістіктері (*жарқыра, күркіре, дүркіре, тарсылда, сыртылда, сырқыра т.б.*), дыбыс-сес етістіктері, көру-есту етістіктері; мінез-құлық етістіктері [1, 269 б]

Ғалым Ы.Маманов етістіктерді семантикалық топтарына қарай жіктегенімен, сөйлеу етістіктерін жеке топ ретінде қарастырмайды.

Н.Оралбай етістік сөзге бай, құрамы жағынан өте үлкен сөз табы болғандықтан, олардың лексикалық тұрғыда қозғалу етістіктері (*кел, кет, бар*), қалып етістіктері (*отыр, тұр, жатыр, жүр*), сөйлеу етістіктері (*айт, сөйле, де*), амал-әрекет етістіктері (*ишу, өндіру, жазу*), қалып-сапа етістіктері, сезіну етістіктері, ойлау етістіктері, көңіл-күй етістіктері, дыбыс-сес етістіктері, өсіп-өну етістіктері т.б. болып топтастырылып жүргендігін айқындайды [2, 203 б].